

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында кадрлар даярлауды мемлекеттік білімдік несиелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі № 1018 қаулысын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 25 сәуірдегі № 167 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 26 сәуірдегі № 213 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 730 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 27 қазандағы № 444 бірлескен бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында кадрлар даярлауды мемлекеттік білімдік несиелендіру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі № 1018 қаулысын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 25 сәуірдегі № 167 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 26 сәуірдегі № 213 бірлескен бұйрығының (2007 жылғы 31 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4691 болып енгізілді, 2007 жылғы 29 желтоқсанда «Казахстанская правда» газетінің № 202 (25447) жарияланды) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2. Экономика және қаржы департаменті (Т.А. Нұрғожаева) заңнамамен белгіленген т ә р т і п т е :

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж і б е р с і н ;

2) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Б а л ы қ б а е в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

\_\_\_\_\_ А. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрі

\_\_\_\_\_ Қ. Қасымов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК